

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Әлеуметтік-мәдени антропологияның зерттеу әдістері» пәні бойынша қорытынды
емтихан бағдарламасы**

«6B02214—Әлеуметтік-мәдени антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы, 2026

**«Әлеуметтік-мәдени антропологияның зерттеу әдістері» пәні бойынша қорытынды
емтихан бағдарламасы**

Студенттер «Әлеуметтік-мәдени антропологияның зерттеу әдістері» пәні бойынша қорытынды емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады. Қорытынды емтихан пәнді меңгеру барысында қалыптасқан теориялық білімді, зерттеушілік құзыреттерді және антропологиялық зерттеу әдістерін тәжірибеде қолдану дағдыларын кешенді бағалауға бағытталған. Емтихан тапсырмалары пәннің оқу нәтижелеріне сәйкес әзірленіп, студенттердің әлеуметтік-мәдени антропологиядағы негізгі теориялар мен әдіснамалық бағыттарды меңгеру деңгейін, зерттеу мәселесін ғылыми тұрғыдан тұжырымдау, зерттеу дизайнын әзірлеу, эмпирикалық зерттеу әдістерін таңдау және қолдану, далалық зерттеу материалдарын талдау, ғылыми этика қағидаларын сақтау, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан интерпретациялау қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды емтихан университеттің академиялық саясаты мен емтихан өткізу қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады. Емтихан жазбаша түрде өткізіледі және оның өту барысы университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бақылау камералары мен кезекші оқытушылардың бақылауымен қамтамасыз етіледі. Емтихан сұрақтары «Univer» ақпараттық жүйесіне алдын ала енгізіліп, үш бөлімнен тұратын емтихан билеттері түрінде ұсынылады. Әр билет теориялық білімді, аналитикалық ойлауды және пән бойынша қалыптасқан практикалық құзыреттерді бағалауға бағытталған үш сұрақтан тұрады.

Емтихан бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Студент емтихан басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын аудиторияға келуі тиіс. Емтиханның жалпы ұзақтығы – 2 академиялық сағат. Емтихан барысында академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақтау талап етіледі. Ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды, құлаққаптарды, оқулықтарды, дәріс конспектілерін және басқа да қосымша материалдарды пайдалануға, басқа білім алушылармен сөйлесуге немесе қандай да бір сыртқы көмек алуға жол берілмейді. Академиялық адалдық талаптары бұзылған жағдайда емтихан нәтижелері университеттің қолданыстағы академиялық саясатына сәйкес жойылады.

1. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы ғылыми зерттеудің объектісі, пәні және негізгі бағыттары.
2. Антропологиялық зерттеулердегі ғылыми парадигмалар.
3. Ғылыми мәселе және Research Design.
4. Зерттеу сұрағы және зерттеу гипотезасы.
5. Антропологиялық зерттеулердегі іріктеу стратегиялары.
6. Purposeful sampling және Snowball sampling.
7. Антропологиялық сұхбаттың түрлері.
8. Interview Guide әзірлеу қағидалары.

9. Participant Observation әдісі.
10. Этнографиялық далалық күнделік.
11. Cultural Domain Analysis.
12. Free Listing және Pile Sort.
13. Антропологиялық зерттеулердегі ғылыми этика.
14. Ақпараттандырылған келісім және құпиялық.
15. Сапалық деректерді талдау кезеңдері.
16. NVivo бағдарламасының мүмкіндіктері.
17. Thematic Analysis.
18. Антропологиядағы сандық әдістер.
19. SPSS бағдарламасының негізгі функциялары.
20. Сипаттамалық статистика.
21. Mixed Methods Research.
22. SmartPLS бағдарламасына кіріспе.
23. Концептуалдық модель құру.
24. Digital Ethnography.
25. Онлайн қауымдастықтарды зерттеу.
26. Visual Anthropology.
27. Жасанды интеллектті антропологиялық зерттеулерде қолдану.
28. Public Anthropology.
29. Ғылыми нәтижелерді таныстыру.
30. Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы заманауи зерттеу бағыттары.